

## **Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесінің мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 қазан N 1234

Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесін енгізуді жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесінің (ТХ және ДБҰСЖ) бірінші кезегінің іске қосылу мерзімі 1997 жылдың бірінші тоқсаны деп белгіленсін.

2. Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесін құру мен пайдалану "Қазақстандық телекоммуникациялар" акционерлік қоғамына жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстандық телекоммуникациялар" акционерлік қоғамына бір апта мерзімде телекоммуникация саласындағы мына қызметтерге: мемлекеттік және коммерциялық телерадио хабарларын тарату жөнінде қызмет көрсетуге; телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесі құралдарымен деректер беру қызметін көрсетуге байланысты бас лицензия берсін.

4. Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің келісімі бойынша "Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 1284 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 31, 388-құжат) тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізсін.

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 1284 қаулысының жүзеге асыру барысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 мамырдағы N 578 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

6. Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі